

Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасының Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Үйлестірушісін тағайындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1340 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.28. N 335 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасының Қазақстан Республикасындағы Ұлттық үйлестірушісі болып тағайындалсын.

2. "Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасының Ұлттық үйлестірушісін тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1436 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі